

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

10 тамыз 2017 жыл

Қазақстан қор биржасында "БАСТ" АҚ арналған, "Эмитент күні" өткізілді

2017 жылдың 10 тамызында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) "БАСТ" АҚ арналған, "Эмитент күні" өткізілді.

Целью проведения "Эмитент күні" өткізудің мақсаты эмитентке инвесторлар тарапынан қызығушылығын арттыру және акционерлермен кері байланысты орнату болып табылады.

Осындай іс-шаралар тұрақты негізде, бағалы қағаздары өтімді болып табылатын, сол себептен, инвесторлардың сұрақтары туындауы мүмкін, барлық KASE эмитенттеріне арналып өткізіледі.

"БАСТ" АҚ бірінші вице-президенті Рустем Оспанов компанияның 2017 жылдың II тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялап, әрі қарай даму бойынша жоспарларға түсініктеме берді.

2016 жылдың бірінші тоқсанында компания флотациялық мыс концентратын (17-23 % Cu) өндіру бойынша, қайта өңдеу қуаттылығы жылына 200 мың тонна руда, кен байыту кәсіпорнын іске қосты.

2017 жылыдың шілдесінде кен байыту фабрикасын кеңейту аяқталып, өндірістік қуаттылығы жылына 400 мың тонна руда, флотациялық фабрикасының эксплуатациясы басталды.

Компания, 2019 жылы құрылыс жұмыстарын аяқтап, өндірістік қуаттылықты жылына 1,4 млн. тонна рудаға жеткізу жобасын жоспарлап отыр. Осымен қатар, компания құнын ұлғайту мақсатында, 2017 жылдың қыркүйек айында JORC (Joint Ore Reserves Committee) қорлар бойынша есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қорларды қайта есептеу жүргізу жоспарланып отыр.

"БАСТ" АҚ өнімін сатудан түскен кіріс 2017 жылдың екінші тоқсанында 341 млн теңгеге жетті, ал 2017 жылдың бірінші тоқсанында өнім сатуданбар-жоғы 33,879 млн теңге көлемінде пайда түсті.

Осы іс-шараға "БАСТ" АҚ басқа, компанияның ірі акционерлерінің өкілдері, осы эмитенттің акциялары бойынша маркет-мейкер – "Фридом Финанс" АҚ, бірқатар басқа да брокерлік ұйымдардың және жетекші қазақстандық іскери БАҚ өкілдері қатысты.

Анықтама үшін

"БАСТ" АҚ – тау-кен шығару компаниясы, "Мақсұт" кен орнында мыс-никель шығару және өңдеу жұмыстарын жүзеге асырады.

Мақсұт кен орны Шығыс-Қазақстан облысында орналасқан және көлемі бойынша орташа деп сыныпталады. Сульфидтік руданың есептелген қорлары C1+C2 санаты бойынша: 104 мың тонна мысты құрайды, мыстың орташа құрамы 0,43 % және 83 мың тонна никельді құрайды, никельдің орташа құрамы 0,35 % (шартты мыстың борттық құрамы 0,5 %). Сульфидтік руданың қорларын есептеу үшін бағалау кондициялар 2013 жылы бекітілген.

Келісімшарттық аумақта тағы екі перспективалық учаскелер бөлінген, онда, негізгі кен орнының негізгі учаскесіндегідей, магниттік аномалиялар ореолдары табылды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz